

қасиеттерін хабарлай отырып, оның жасалу жолдарын арнайы түрде тоқталады. Сабакта хабарлау әдісін пайдалану кезінде тақырыптың өзіндік белгілері сұрақтар арқыл менгерілмейді. Оқушылар қорытынды пікірді, анықтама мен ережені өздері шығармайды, мұғалімінің хабарлауы бойынша игереді. Белгілі бір тақырыпқа байланысты анықтама мен ережені түсіндіріп болған соң, оқушылар сол тақырыптың ғылыми – теориялық негізін көрнекі құралмен эралуан бағыттағы дидактикалық мысалдарға бағдар жасай отырып түсінеді.

«Оқушыларға жаңа тақырып материалдарын түсіндіруде қолданылатын ендігі бір жұмыс түрі – түсіндіру әдісі болып табылады. Білім мен дағдыларды менгертуде бұл әдістің әдістемелік қуаты мен құндылығы ерекше. Оқушыларға жаңа тақырыпты менгерту, түсініксіз құбылысты ұғындыру кезінде берілген сұрақтарға қоса оқулық материалдардан басқа білім көздерін қосымша әдебиет ретінде қолдану жолымен толықтырылады» [3, 67б].

Орыс тілді дәрісханаларға қазақ тілін оқыту ерекшеліктерін сөз еткенде негізгі басшылыққа алатын әдістердің бірі – тәжірибе әдісі. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде іске асырылады. Сондықтан дыбыс заңдылықтарының жасалу жолдарын түсіндіріп, теориялық білім беруде төмендегідей сипаттағы көрсету аппараттарына назар аудару қажеттілігі туындайды. Мәселен, дыбыстың жасалу дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы көрсету, дыбыстың өзіндік белгілерін көрнекі құралдар негізінде дәлелдеу, дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін эксперименттік фонетиканың материалдары негізінде тәжірибе нысанына алу осы мақсатты әдістің түпкі әдістемелік негізін айқындайды.

Қазақ тілі тақырыптарын қамти отырып, оқулықтағы жеке әріптерден сөздер, жеке сөздерден сөйлемдер құратып, тілдік материалдың өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне оқушылар назарын аударады. Мұғалім қазақ тілі тақырыптарына сәйкес термин сөздерді танытуға белсене әрекеттенеді. Термин сөздердің жазылуын орфографиялық сөздіктен қаратып, өздеріне дұрыстап оқытып, дәптерге жазғызу әрекетін ұйымдастырады. Бұл сөздердің білдіретін мағыналық сипатын мысалдар арқылы дәлелдейді. Оқулық пен көмекші құралдардағы берілген кестелерді қосымша білім ақпараттары негізінде толықтырып, ғылыми мазмұнын кеңейтіп түсіндіру алғы шарт болып танылады.

Ойымызды қорытындылай келсек, өзге тілді дәрісханаларға қазақ тілінен оқыту материалдарын игерту әдістемесінің жемісті болмағы мұғалімнің шеберлігі мен мемлекеттік оқыту бағдарламасының шығармашылық жарасымына байланысты болмақ.

#### **Әдебиеттер:**

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, 1991.
2. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, 1989, с.96.
3. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-білім. Алматы, ОПБ, 1956.

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДА ҮКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ (XVIII ҒАСЫР)**

**Шалгимбеков А.Б.**

*ҚФ «ЧелМУ» ЖҚББ ФМБББМ, аға оқытушы*

Ресей қазақ далаларын империя құрамына қосу мақсатымен маңызды стратегиялық талаптарды шешу үшін әскери-қазақ бекіністерді салды. Сол үшін Ресейге экономикалық қамтамассыздандыруды керек етті. Өз тауарларын өткізу мақсатында Қытай мен Орта Азиямен экономикалық сақта байланысын нығайту мақсатында осы аймақта өз рөлін арттырды. Сонымен бірге қазақ рубасшыларымен байланыс жасау үшін сауда саясаттың маңызды бөлшегінің рөлін атқарды.

Тікелей сауда дала мен экономикалық байланыстарды дамытудың басқа өзге халықтардың материалдық мәдениеттің заттарын өзара айырбастауын жүзеге асырды, сонымен қатар практикалық міндеттерді шешті: мемлекеттік қазынаны кедендік салықтар арқылы толтыруымен бекіністерді азық-түлікпен қамтамасыз ету.

XVIII ғасырдың II жартысында Солтүстік Қазақстан аймағында екі ірі сауда орталықтарын атап көрсетуге болады. Бұл Орынбор-Троицк және Петропавл.

XVIII ғасырдың ортасында Орынбор сауда орталығы деп саналды. Орынборда болды: *«гостинный двор с 150 лавками, а на стенной стороне, в виду города, Меновой двор со 148 амбарами и 344 лавками; гостинный двор предназначался для зимней и осенней торговли, а Меновой двор для летней торговли с азиатцами».*

Орынборда басты сауда заттары ретінде мал мен нан болды, 1745-1759 жылдары аралығында осы тауарларды стаудн жиналған құн 1 млн.рубльге жетті. Орынбор губернаторы Екатерина II патшайымға былай деп жазды: *«киргизы приезжали на мену великим числом, и случалось, что в день одних баранов 14 тыс.выменивали ...»*

1753 жылы Орынбор – Троицкіге әкелінген тауарлардың салықтарының тарифтері бекітілді, шекаралық сауданың тәртібі шығарды, тұзды салатын дүкендер салынды. Үкімет көшпенділермен сауда-стқақты бақылау мен қауіпсіздікті талап етті. Бұл құжаттар бойынша, Орынбор, Орск қалаларына тауар өткізуге келген қазақтар қаруларын кеденге тапсыруға міндетті болды. Ал дүкендердің жанындағы әскери күзетшілер қару ұстауға міндетті болды.

Орынбордағы айырбас саудасы жоғарғы деңгейге жетіп көпестер мен мемлекеттік қазынаға пайда әкелді. Орынбор губернаторы И. И. Неплюев сауданы әріқарай дамыта түсті: орыс саудагерлеріне Орынборда сауда жүргізуге шақырады, тауарларға деген қызығушылықты түсіндіру мақсатымен қазақ халқына ұн мен жарманы сыйлық ретінде ұсынған, Қазан тартарлардың 200-дей жанұяға Орынборға көшуге рұқсат берілді. Бірақ ол зорлық әдістерді қолданды. Солай 1744 жылы оның бұйрығы бойынша көпес сенатының жарлығы бойынша Сібірге қудаланылған бұзақыларды Орынборға күштеп апарды. Өкімет рұқсатынсыз және рұқсат етілмеген орындарда сауда-саттық жүргізгені үшін қалған жазаланды. Мысалы: 1768 жылы Петропавл бекінісінің жанында қазақтармен жасырын сауда-саттық жүргізген 7 адам өзінің ұнымен ұсталды. Сонда бөлімше басты мынадай бұйрық шығарды: *«при собрании всех в крепости Св.Петра регулярных и нерегулярных команд, публично учинить им наиужесточайший штраф: регулярных батожьем, а нерегулярных плетью нещадно (бить). При том, как оным, ныне пойманным, так и всем чинам подтвердить, дабы впредь к той сатовке никто чинить не отваживался под опасением неупустительного воинского суда. И впредь для ведома тот их штраф в полку опубликовать и записать в журнал».*

Неплюев рұқсат етілмеген аймақта қазақтармен сауда-саттық жасауға тыйым салды. Шекаралас аудандарда көшіп қонып жүрген Абылай мен «орыс мемлекетке мың берілген» орта жүздің старшындардың Құлсары мен Күлекелердің ыстық ықыластарына қарамастан рұқсат етілмеді.

Ол сауда-саттықты жүргізуге ниеттенген қазақтарды Ертістегі сауда-саттық рұқсат етілген Ямышев және Семей бекіністеріне жіберуге ұсынды. Сонда «тауарлары бар көпестер. Осы Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтің белгілі осы аймақтағы барлық сауданы мемлекеттің қатаң бақылауға бағытталған құлшысын атап өтуге болды, бұл әрекеті жаңа аудандарда және тікелей байланысты аймақтарда экономикалық дамуына өз кедергісін тигізді. Орынбор мен Орск қалалары солтүстік аудандардағы қазақ тайпаларын жеткілікті түрде қамтамасыз ете алмады. Жаңа тікелей әскери бекіністер салу мен Орта жүзге ықпал ету мақсатында, сонымен қатар Абылай сұлтанның талпыныстарын игере отырып, оған отаршыл биліктер қызығушылық тудырған, 1750 жылы Орта жүз қазақтарымен сауда жасау мақсатында Троицк бекінісі салынды. Қазақтармен сауда-саттық байланыс жүргізу мақсатымен Орта жүз бен шекаралас Троицк бекінісінде айырмас орны ашылды. Орта жүз қазақтары негізінде нан, қағаз, метал заттары, шай, қант, мануфактура тауарларын алып өздері мал мен мал шаруашылық өнімдерімен айырбасқа түсті. Материалдық мәдениеттің заттары орыстардың өмір сүру бейнесін қазақ даласына таратты, қазақтардың әдеттегі – өмір салтын бұзды. Сондықтан шетел істері коллегиясы нанды жіберуші шет аймақтарға оң көзімен қарады, *«азиатцы перед сим только мясом и молоком питались, нынче довольно и хлеба покупать начинают и что через хлеб скорее с той стороны сочтется польза, нежели через другие способы.»*

Троицкің қолайлы жағрафиялық орналасуы, оның Қазақстан мен Сібір және Шығыспен сауда байланыстарда оның беделін арттыра түсті. Бұған дәлел ретінде 1) Сібір арқылы Еуропалықтар Ресейге Троицк бекініс ретінде сауда жолының өтуінде. 2) Троицк айырбас бекінісі ашылуы мәскеулік, казактық, Тувалық, Ростовтық, Ярославтық, Воронеждік, Тюмендік, Куретік, путивильстік, уржумдік және Витевтің айтуы бойынша мұндай қолайлы байланысқа көпестер ешқашан мұндай алыс жолға шықпас еді. 3) 1753 жылы Троицк бекінісі арқылы сауда-саттық жүргізу Орынбор бекінісі арқылы сауда жауға теңестірілді. 4) Кедендік салықтың күрт өсуіне әкелді. 5) Троицк бекінісінің құрылуы айырбас сауданың дамуына өз әсерін тигізді.

Ресей үкіметі саудаға орта Азиялық көпестерді шақыруды талап етті. Сол үшін 1754 жылы Азиялық көпестерге Ресей ішіне 10 пайыздық сауда салық пен тауарларды әкелуге рұқсат берілді. Солайда үкімет күміс пен алтынды сатуға қызығушылықтарын тудырды, сол үшін 1751 жылы орыс көпестеріне азиаттықтардан алтын мен күмісті сатып алып және оны металдарды қазнаға сатуға рұқсат берілді, ал 1763 жылдан бастап азиялық көпестерге алмаздарды, алтын мен күмісті сатып алуға рұқсат берілді. Бірақ Ресейдің ішінде олармен сауда саттық жасауға тыйым салды. Мысалы: 1751 жылы троицк кеденіне 10 пұт күміс пен «бірнеше» пұт алтын әкелінді. Троицк бекінісі айырбас сауда саттық жүргізу барысында өз маңыздылығын көрсетті, және қазақтардың арасында орыс беделін көтерді. 1759 жылы Абылай сұлтан Ойск әскери тізімінің басшысы және командирі П. Родену жазған хатынан көре аламыз. «Прошу же я м народ мой, чтоб дозволить в крепости святого Петра киргизцам выменивать муку и крупу», соған жауап ретінде Сібір бөлімшесінің бастығы И. И. Шпрингер үлкен мереке ретінде қабылдаған Петропавл сауда саттық нүктесі ашылды, сол орыс билігіне қазақ даласына кең жол ашты. Сондықтан оның атынан орта жүздің қазақ ақсүйектеріне саудаға шақыру хаттары жазылды. *«Понеже по требованию Вашему почтенного Кумары батыря и по представлению моему в силу повеления от главной команды во удовольствие вашего киргиз – кайсатского народа, в крепости святого Петра велено ныне учредить сатовку, для чего по предложениям моим и русским купцам в того крепость с товарами, с мукою и крупною съезжаться велено. И как оные сберутца, то и сатовку с вашими людьми чинить велено, то для вас почтенного Кулсару батыря прошу о той сатовке падания вашего состоящих поблизости Новой линии улусах киргиз-кайсакам публиковать, чтоб они с имеющимися у них товарами: со скотом, лошадыми и пленными калмычатами для той сатовки в Петропавловскую крепость приезжали без всякого опасения...»*

Сауда саттықтың кеңеюіне орай 1764 жылы Өкімет мынадай шешім қабылдады: кірістің белгілі бір бөлігін келін қоныстанған қазақтар мен Орта Азиялық саудагерлерге көмек ретінде берілді, Петропавл саудасы жақсы басталды және оның айналымы алғаш жылдары ақ өзінің оң нәтижесін бере бастады, орыс көпестерінен көбінесе Сібірден көпестері келіп тұрды – Тобылдан, Тюменнен, Тарыдан және қалалардан көпестер шыға батады. – Қазан, Тува, Курс, Воронеж, Архангельск.

Кейбір жылдары 100-ден астам көпестер жиналды. Орат азиядан Бұхарамен Ташкент көпестері келіп тұрды. 1777 жылы кедендерде жаңа салық түрі пайда болды. Сол тариф арқылы азиялық көпестерінің тауарларына салық төмендетілді, жібек пен ірі қара малға салық алынып тасталды. Осы әрекеттер үшін қазақ пен орта азия саудагерлеріне ғана емес солармен бірге орыс көпестеріне қолайлы болды. Жаздың бір айында сауда-сатыққа келген қазақтардың саны шамамен орташа алғанда 500 адамға жетті.

Осындай сауда-саттықта ақшалай емес айырбастүрі қолданылды. Сондықтан қазақтар мен сауда жасағанда айырбас айырмашылғы тікелей көзге түспеді. Көпес өзіне пайдалы құнын бекітті. Көк шұғаның жеті аршыны үшін көпес бір жылқыны алды. Басқа жағдайда осы шұғаның аршыны үшін тағы жылқы берілді. 2 шойын қазан, 2 тегене үшін 2 жылқы мен бір бұқа, 80 құмыра тегене үшін бір жылқы, 25 аршын кенеп үшін жылқы мен бұқа берілді. Көпес үшін айырбас қалай пайда болғанын келесіден көруге болады: сол кезде 25 аршын кенеп үшін 75 тиын тұрды, ал жылқы мен бұқа 7-8 рубльден кем емес. Бағалар өте тұрақсыз болды.

1 пұт сыырдың етін орыстар 40 тиынға, қойдікі – 20 тиынға, қара бидай ұнын қазақтарға 1 пұтын 90 тиынға астақан. Қазақ жылқыларын 1 рубль 50 тиыннан 13 рубльге дейін бағалаған, Орынборда 15 рубльге бағаланған. Осыған орай 19 ғасырдың басында Петропавл кеденінен 84 пайыз мал әкелінген.

Нанға деген баға төмен болды, бірақ ол саяси мақсатты көрсетті. *«Хлеб предполагалось продавать казаха по уменьшенной цене, чтобы подорвать начавшиеся у них посевы, угрожавшие в недалеком будущем хлебопашеству казахов и опасному в политическом отношении; казахи заведя свои посевы, могли перейти в независимое от русских положение и плотнее общаться с Хивой и Бухарой, им единоверным».*

Петропавл сауда айналымы Жаңа Ертіс сауда айналымдарынан асып түсті. Міне сіздерге 1777–1779 жылдар аралығындағы тізбектен салыстырмалы сауда мәліметтері көрсетілген.

Сауда жүргізілген бекіністің атауы	Сыртқа даладан тауар құны (руб.-коп.)		Сырттан далаға әкелінген тауар құны (руб.-коп.)	
	1777ж.	1779ж.	1777ж.	1779ж.
1. Ертіс тізбегі				
Өскемен	6813-90	6939-95	5450-21	8544-73,5
Семей	36627-73	46969-10	34820-27	42692-27,5
Коряновск	5357-55,5	1984-39	4192-92,5	7431-62,75
Железинск	-	1558-25	-	894-010
2. Жаңа тізбек:	18-50	-	-	-
Пресногорьковск				
Петропавл	60759-64	91069-15	49171-61,5	54729-28

Мұндай нәтижелерге көпестер әртүрлі қиындықтарды жеке отырып жеткен болатын. Ал барлық айырбас сауданы өз қолына қаратты. 1760 жылы Лесток бірінші рет Петропавл бекінісіне өз өктемдігін жүргізді. Ол Петропавл бекінісін басқара берсе орыс көпестері Петропавлға сауда-саттыққа келмес етеді. Жоғарыдан Лестокқа сөгіс жарияланды және әскери жағынан кеденге өз өктемдігін жүргізе алмады. Мысалы: Колывань – Воскресенстік басқару өкілдері, оның қарамағында Иртыск сауда аймағы болды, Петропавлск бекінісіне бара жатқан орта азиялық көпестердің әкелуіне кедергі болды.

Сауда-саттықта кеткен шығынды бақылау және жасырын сауданың құпияларын тізбектің тұрғындары ғана білді. Осыған байланысты өкімет кедендік салыққа бірнеше өзгерістер енгізді. 1782 жылы Сенаттың қаулысы бойынша шекара рақылы құпия тауарларды өткізуге тыйым салынды. 1784 жылы комерц-коллегия шешім қабылдады, онда Петропавлға шетелдік сауда жасау құқығы Кяхтамен теңестірілді. 18 ғасырдың соңында Петропавл бекінісінің сауда айналымы едәуір өсіп Кяхтадан кейінгі орынға шықты.

Тізбектелген сауда-саттық Қазақстанның солтүстік аймақтарының біраз жерлеріне тарайды. Орыс көпестеріне бекініс сыртына шығуға рұқсат етілді, жоларылық сауда-саттық уақыт өтегелі келе көше бастады. Жоларалық сауда туралы В. Гельмолюкс мынадай пікір айтады: *«Торговец, выезжающий в степь нагружал подводу «киргизским товаром» (то есть залежалым, не имущим сбыта в городе, ситцем, ститым чаем, плохим сахаром, вообще товаром самого плохого и последнего качества и низкого достоинства. Странствование передвижной лавки продолжается до тех пор. Пока не будет распродан товар. Товары были дороги. За пол фунта чая фунт сахара надо дать барана, которому цена 3-4 руб. Вообще, при обмене товара на животных купец удваивал цену, а цена продукта киргизца наполовину уменьшалась. Не говоря об обмеривании и обвешивании. В глухой степи редкий киргиз имеет представление о мерах и весах. Вот такого рода мена происходит в киргизских степях».*

Көп кешікпей далада жәрменкелер пайда болды. Мысалы: Петропавл жанындағы Тайыншакөл жәрменкесі. Атақты И. Завалишин былай деп айтады: *«Петропавлск теперь важнейший пункт нашей торговли с Западным Китаем и всей Средней Азией, не только на Сибирской линии, но и на Оренбургской».*

Петропавлскінің өзінде бай саудагерлер шыға бастады. (С.Максютов, А. Усманов көпестері). Осыдан көпестер Сібір, Еділ (Ишим, Ирбит, Ишимгород) Оралдың атақты жәрменкелер мен базарларға барыс сауда жүргізді. 1830 жылы Петропавл Гильдиялық көпестер санына қарай Батыс Сібір қалалары ішінен (Тюменнен кейін) екінші орын алып жатты. Сол кезде Петропавлдың сауда-саттық айналымы 7 млн.рубльге тең болды.

Сауданың дамуы әртүрлі өндірістік мекемелердің пайда болуына әкеліп соқтырды. (май еріту және тері заводтарын 18106 жылдың екінші Гильдияның көпестерімен Иван мен Яковь Большаковтар негізін салды), ал 1849 жылы Петропавлде 7 май еріту, 7 былғары, 7 сабынқой, 17 кірпіш заводы болды. Ең ірі май ерітетін завод екінші гильдияның Ф. И. Зенкованың болды, жыл сайын 15500 пұт сало дйындады, бағасы 145 мың рубль болды.

Осы жағдайлардың бәрі 19 ғасырдың басында Петропавл бекінісін қалаға айналдыруға әкеп соқты, өйткені, Петропавл Қазақстанның солтүстік аймағында экономикалық жағынан маңызды болды.

Барлық сауда-экономикалық қарым-қатынас тізбекте аймақтағы саяси ақуалды тұрақтандыра түсті. әскери бекініс арқылы сауданы бақылап отыру орыс қазынашылары мен саудагерлеріне көп кіріс әкелді, көшпенділерден сұраныс туындағаны олардың империя құрамыны тартылуына көп көмегін тигізді.

Міне сондықтан 18 ғасырдың ортасында Қазақстанның солтүстік аймағындағы сауда империяның отаршылдық және экономикалық қанауына әкелді.

#### Әдебиеттер:

1. Гельмгольц Ф. Орынбор ақша айырбастау сарайы. Ресей Императорлық жағрапиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің Хабаршысы. 3 басылым. – Орынбор, 1894. 34 б.
2. Витевский В.Н. Неплюев және 1758 ж. дейінгі Орынбор өлкесі. Қазан, 1890. – 724 б.
3. XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ – орыс байланыстары. – Алматы, 1964. – 109 б.
4. «Оренбургский листок» 1881 г. № 24.
5. Орынбор губерниясының 1895 ж. мекен – жай парағы мен естелік кітабы. Орынбор 1894. – 18б.
6. Сонда. 16 б.
7. РФ Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты. (ГАОМО) Ф. 1. Оп. 1. Д. 61. Л. 149 – 150
8. Сонда.
9. XVI – XVIII ғасырлардағы қазақ – орыс байланыстары. – Алматы, 1961. – 203 б.
10. Орынбор губерниясының 1895 ж. мекен – жай парағы мен естелік кітабы. Орынбор 1894. – 19б.
11. Сонда 23 б.
12. Витевский В.Н. Неплюев және 1758 ж. дейінгі Орынбор өлкесі. – 730 б.
13. Гайместер Ю.А. Сбірдің статистикалық сипаттамасы. 2 бөлім. СПб., 1854. – 323 б.
14. ГАОМОФ. 1. Оп. 1. Д. 72. Л. 605 – 606.
15. Сонда. Д. 179. Л. 468.
16. Туманшин К.М. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін ізденуге арналған диссертацияның авторефераты. Петропавлдың және 1861–1917 жж. Петропавл уезінің тарихы. – Алматы, 1966. – 7 б.
17. Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының еңбектері. XVIII том. генерал – майор Иван Черновтың жазбалары. – Орынбор, 1907. – 76 б.
18. ГАОМОФ. 1. Оп. 1. Д. 209. Л. 112–120.
19. ГАОМОФ. 1. Оп. 1. Д. 87. Л. 180–183.
20. Туманшин К.М. Петропавлдың және Петропавл уезінің тарихы. 8 б.
21. Гельмгольц Ф. Орынбор ақша айырбастау сарайы. Ресей Императорлық жағрапиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің Хабаршысы. 3 басылым. – Орынбор, 1894. 45–46 б.

#### Summary

*The article reveals the essence and methods of colonial policy of the Russian Empire in the trade development in the northern region of Kazakhstan in the second half of the 18-th century. The analysis of the linear trade's condition proves shows that it served as an effective instrument of colonization and promoted economic consolidation of the region as a member of the Empire.*